

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ

Қазақстандағы шағын қалалардағы



кәсіпкерліктің дамуы

Авсыдыкова Қ.Ә.

Кәсіпорын дегеніміз не?



- ❧ Кәсіпорын – белгілі бір өнім өндіретін немесе халыққа қызмет көрсететін заңды тұлға болып табылады.
- ❧ Кәсіпорынның шаруашылық қызметтерінің нәтижелігі – өнімді өткізу мен көрсетілген қызметтен түскен пайдадан ғана емес, сонымен қатар өндірістік қорлардың көлемінен, басқа да тұтыну қорларының жиынтығынан, жиналған қаражаттардан және тағы басқалардан көрінеді.

Кәсіпкер дегеніміз кім?



- ❧ Кәсіпкер – жеке тұлға.
- ❧ Оның құқықтары:
- ❧ Өндірістік-шаруашылық;
- ❧ Көтерме сауда;
- ❧ Инновация;
- ❧ Кеңестер беру;
- ❧ Коммерциялық делдалдық;
- ❧ Бағалы қағаз операцияларын жүргізу.





Кәсіпорынның даму деңгейінің көрсеткіштері:




- ❧ Өндірістік қорлар мен қамтамасыз ету үйлесімділігі;
- ❧ Өндірілген өнімнің сапасы мен саны;
- ❧ Өткізу көлемі;
- ❧ Түскен пайда мен кіріс;
- ❧ Ішкі және сыртқы факторлар жиынтығы;



Ішкі факторларға жатады:

- ❧ Ғимарат, құрылыс;
- ❧ Құрал-жабдық, аспаптар;
- ❧ Жер;
- ❧ Шикізат-материалдар;
- ❧ Отын;
- ❧ Жұмыс күші;
- ❧ Ақпарат және өндірісті ұйымдастыру;
- ❧ ҒТП;
- ❧ Кадрлар біліктілігі;
- ❧ Инновация мен инвестиция;



Шағын және орта бизнесті қолдау инфрақұрылымның институттары:



- ❧ Қаржы институттары;
- ❧ Қоғамдық ұйымдар;
- ❧ Бизнес – инкубаторлар;
- ❧ Индустриялық және технологиялық парктер;
- ❧ Ақпараттық –талдамалық маркетингтік, консалтингтік, оқыту орталықтары;
- ❧ Халықаралық институттар;
- ❧ Салалық қауымдастықтар;

Мемлекет бастамасы бойынша құрылған қаржы институттары:

- ❧ Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры акционерлік қоғамы және оның өңірлік бөлімшелері;
- ❧ Лизингтік компаниялар;
- ❧ Микрокредиттік және микроқаржы ұйымдары;



Кәсіпкерлікте туындаған мәселелерді шешу үшін шаралар:



- ❧ Салық әкімшілігін жүргізу;
- ❧ Несие ресурстарына қолжетімділік;
- ❧ Мемлекеттік реттеуді оңайландыру;
- ❧ Тиімді ақпараттық-әдістемелік кешен құру;
- ❧ Нормативтік-құқықтық базаны жетілдіру;
- ❧ Арнайы кадрлар дайындау;



«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ – кәсіпкерлікті қолдау шараларының басты операторы және біріктірушісі. Қор бағдарламалары негізгі үш бағыт бойынша іске асырылады:

- қаржыландыру көлемін ұлғайту және оның кәсіпкерлерге қолжетімділігін арттыру;
- кәсіпкерлік секторын әртараптандыруға және оның индустриалды-инновациялық дамуына жәрдемдесу;
- ШОБ субъектілерінің кәсіби шеберлігін кәсібін жаңа бастаған кәсіпкерлер мен ШОБ кәсіпорындарының топ-менеджментін оқыту, шетелдік тағылымдамадан өту, сервистік және ақпараттық қолдау негізінде арттыру.

Қор құрылымында Қазақстанның барлық он төрт облысында және Астана мен Алматы қалаларында он алты аймақтық филиал бар. Бүгінде Қор кәсіпкерлерді қаржылай және ақпараттық- консультациялық қолдау бойынша 25 астам бағдарламаны іске асырып отыр.

Шағын кәсіпкерлікке мемлекеттік қолдауды күшейту және оның дамуын жандандыру мақсатында, 1997 жылы наурыз айында «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ құруға негіз болған Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы шықты. 2007 жылдың соңынан бастап,

Қорда тұжырымды өзгерістер болды:

Қор «Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ мәртебесінен «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ мәртебесіне өзгерді, сол себепті шағын және орта кәсіпкерлікті (одан әрі - ШОК) қолдау жөніндегі тиісті өкілеттіктері де ұлғайды; Қор қаржы институтынан мемлекеттен бөлінетін қаражат активтерін басқару операторына айналды. ШОК субъектілерін қаржылай қолдау және ШОК субъектілерін ақпараттық-талдамалық және консалтингтік қолдау қызметінің жаңа бағыттары әзірленіп, іске асырылып отыр. Қордың фирмалық стилі өзгерді. 2008 жылғы қазан айында, «Қазына» орнықты даму қоры» АҚ және «Самұрық» Мемлекеттік активтерді басқару жөніндегі қазақстандық холдинг» бірігіп, «Самұрық - Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ болып өзгерді. Жаңадан құрылған қор қызметінің мақсаты өзіне тиесілі меншік құқығында ұлттық даму институттарының ұлттық компаниялар мен өзге заңды тұлғалардың акциялар пакетін, қатысу үлестерін басқару болып табылатын ұлттық басқарушы холдинг ретінде белгіленді.

Бүгінде «Даму» Қоры 100% акциясы «Самұрық - Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ тиесілі ұлттық даму институты болып отыр.

«Даму» Қорының миссиясы— қаржылық, консалтингтік қызметтерді ұсыну интеграторы және операторы рөлінде ШОБ-ң, сонымен бірге Қазақстанның микроқаржы ұйымдарының сапалы дамуына жәрдемдесу.

БІРІНШІ КЕЗЕҢ 1997-2001 жж.

Бірінші кезең 1997 ж. Қордың құрылуымен байланысты. Осы жылдары мемлекеттік органдар шағын кәсіпкерлікті қолдауға және дамытуға бағытталған бірқатар заңдарды, жарлықтар мен қаулыларды қабылдады.

ЕКІНШІ КЕЗЕҢ 2002-2004 жж.

2001-2002 жж. ел экономикасының жоғары қарқынмен өсуі және Қазақстанның ЖІӨ ортажылдық өсімінің 11,6% -ға дейін, 2003-2004 жж. 9,3% өсуі Қазақстан Үкіметіне шағын кәсіпкерлікке үлкен қолдау көрсетуге мүмкіншілік берді.

ҮШІНШІ КЕЗЕҢ 2005-2007 жж.

Кезең Қор қызметіне елеулі ықпал еткен заңдар, жарлықтар мен қаулылар қабылдануымен сипатталады.

ТӨРТІНШІ КЕЗЕҢ 2008-2012 жж. Қазақстан дамуының 2030 жылға дейінгі Стратегиясын, Қазақстанның әлемдегі бәсекеге мейлінше қабілетті елу елдің қатарына кіру Стратегиясы мен 2015 жылға дейінгі индустриалды-инновациялық даму Стратегиясын жүзеге асыру экономиканы диверсификациялауды, технологиялық серпілістерді жүзеге асыруды, сонымен қатар кәсіпкерлік секторды нарық қатынастары мен бәсекеге қабілетті экономиканың негізгі іргетасы ретінде дамытуды болжайды.

Қазіргі кезде Қор Қазақстан Республикасы Үкіметінің шағын кәсіпкерлікті қолдау және дамыту саясатын жүзеге асыратын жалғыз мемлекеттік даму институты болып табылады. 10 жылдық даму кезеңін басынан өткізе отырып, Қор жүзеге асырылуы 2008 жылдан басталатын шағын және орта кәсіпкерлікті дамытудың жаңа Концепциясын дайындады.

Жаңа Концепция мен шағын және орта бизнесті қолдауға қатысты саясаттың басты міндеті Қазақстанда шағын және орта бизнестің бәсекеге қабілеттілігін арттыруға, оның сапалы серпілісіне, осы саладағы өнімділік өсімі мен бәсекеге қабілеттілігіне жәрдемдесу болып табылады.

Шағын қалаларды 2004-2006 жж. дамыту Бағдарламасы


Қазақстанда халық саны 50 мың адамнан аспайтын 60 шағын қала бар. Оның ішінде 41 шағын қала шағын қалалар санының 68% және ауылдық аудандар санының 25% құрайтын тиісті ауылдық аудандардың әкімшілік орталықтары болып табылады.

Шағын қалалардағы өнеркәсіпті өндіріс бір-екі саладағы көрсетілген мамандандырумен сипатталады. Өзге салалар шамалы дамыған немесе өнеркәсіпті кәсіпорындары мүлде жоқ. Өндіріс көлемінің төмендеуі немесе қала құрылысымен айналысатын кәсіпорындардың тоқтап қалуы қаладағы әлеуметтік-экономикалық жағдайдың жалпы құлдырауына алып келеді.

Шағын қалалардың әлеуметтік-экономикалық дамуына жағдайлар жасау мақсатында, Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен Шағын қалаларды 2004-2006 жж. дамыту Бағдарламасы қабылданды, оның міндеті шағын қалаларды олардың функционалдық типологиясына сәйкес дамытудың негізгі бағыттарын анықтау, сондай-ақ өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымдарды дамыту, шағын қалалардағы халықты жұмыспен қамтамасыз етуді күшейту болып табылады.

Шағын қалалардағы инвестициялық жобаларды кредиттеу және шағын кәсіпкерлікті дамыту Қаржыландыру көлемінің құрылымы үшін жарғылық капиталды толықтыруға республикалық бюджеттен Қорға 1 500 млн. теңге бөлінген.

Қор Бағдарламаны жүзеге асыруды қамтамасыз ету мақсатында, ШКС үшін бағдарламада белгіленген барлық қалаларда ақпаратты-консультациялық семинарлар өткізді. Бұл шараға шағын қалалар әкімдіктері үлкен көмек көрсетті. 2007 ж. 1 қаңтарға шаққанда, осы бағдарлама бойынша жалпы сомасы 1 484,4 млн. теңгеге 281 жоба қаржыландырылды. 2 935 жұмыс орындары ашылып, мақұлданды. 2006 ж. бағдарлама толықтай орындалып, жұмысын аяқтады.



2013 жылдың 15 ақпанында Қостанай облысының Лисаковск қаласында Кәсіпкерлікті қолдау орталығы (КҚО) ашылды. Бұл Қостанай облысындағы төртінші КҚО. Алғашқы екі орталық былтырғы жылдың қараша айында Жітіқара және Арқалық қалаларында ашылған болатын, ал үшінші орталық екі күн бұрын, 13 ақпанда, Рудный қаласында ашылды.

КҚО ашылуы өткен жылдың мамыр айында Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен Шағынқалаларды 2012-2020 жылдарға дамыту бағдарламасының бір бөлігі болып табылатынын ескертеміз. Ал «Даму» Қоры, өз кезегінде, Кәсіпкерлердің құзырет орталықтарын дамыту тұжырымдамасын әзірледі. Осы тұжырымдамаға сәйкес, «Даму» Қоры кәсіпкерлерге кешенді қызмет көрсетудің үшдеңгейлік жүйесін енгізіп отыр яғни облыс қалалары деңгейінде (КҚО – кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталықтары), шағын қалаларда (КҚО – Кәсіпкерлерді қолдау орталықтары) және аудандарда (КҚМО – Кәсіпкерлікті қолдаудың мобильдік орталықтары). КҚО ұсынатын кешенді қызмет түрлері – өз бизнесін ашудан бастап, оны тиімді басқаруға дейінгі кәсіпкерліктің барлық үдерістерін қамтиды. Бизнесмендерге заң көмегі тегін тегін көрсетіледі, қызметкерлерді іріктеу, бухгалтерлік, салық және маркетинг мәселелері бойынша консультация беріледі.

Одан бөлек кәсібін жаңадан бастаған және бұрыннан жұмыс істеп жүрген кәсіпкерлер КҚО-дан шағын және орта бизнесті мемлекеттік қолдау құралдары бойынша яғни: субсидия, кепілдіктер, гранттар және микрокредиттер бойынша толық ақпарат алуларына болады. Орталық мамандары осы қолдау құралдарын қалай қолдануға болатыны жайлы барлығына тиімді етіп түсіндіреді және барлық қажетті құжаттарды дайындауға көмектеседі.

➤ Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры

Шағын кәсіпкерлікті дамыту қоры — бейкоммерциялық қаржы ұйымы. 1997 жылы сәуірде Алматыда құрылған. Шағын кәсіпкерлік субъектілерінің қалыптасып, дамуын ынталандыру, шағын кәсіпкерлікті қолдауға жұмсалатын мемлекеттік қаржыны тиімді пайдалану мақсатын көздейді. Қордың акциялары түгелдей мемлекетке тиесілі.



Қор іске асыратын бағдарламалары:

✓Қазақстанда шағын бизнесті дамыту бағдарламасы бойынша шағын кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы секторы үшін халықаралық қаржы институттарының кредиттік желісі;

✓бюджеттік қаражаттардан шағын кәсіпкерлік субъектілерін (соның ішінде әйел кәсіпкерлігін) кредиттеу бағдарламасы;

Қордың меншікті қаражаттары есебінен шағын кәсіпкерлік субъектілерді кредиттеу, соның ішінде:

✓факторинг;

✓қаржылық лизинг (таза және қайтарылатын лизинг);

✓дайын бизнесті сатып алуды қаржыландыру;

✓екінші деңгей банктерімен шағын кәсіпкерлік субъектілердің жобаларын ортақ қаржыландыру;

✓шағын кәсіпкерлік субъектілердің ойдағыдай жобаларын қайта қаржыландыру;

✓шағын кәсіпкерлік субъектілер іске асыратын франчайзинг жобаларын қаржыландыру;

✓жұмыс істеп тұрған бизнестің айналым қаражаттарын қаржыландыру;

✓шағын кәсіпкерлік субъектілердің шығындарын кейін 50 пайызға дейін өтейтін сапаның халықаралық стандарттарын енгізуді қаржыландыру;

✓шағын кәсіпкерлік субъектілерді қолдау инфрақұрылымының қатысушыларын кредиттеу;

✓оралмандар, жастар, зейнеткерлік жастағы әлеуетті кәсіпкерлер, қолөнершілер, мүгедектер іске асыратын жобаларды қаржыландыру;

✓Шағын қалаларды дамыту бағдарламасы бойынша қаржыландыру;

✓Әкімәттармен бірлесіп шағын кәсіпкерлік субъектілерді ортақ қаржыландыру бағдарламасы;

✓микрокредиттеу;

✓кепілдік беру.

➤ «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ – кәсіпкерлікті қолдау шараларының басты операторы және біріктірушісі. Қор бағдарламалары негізгі үш бағыт бойынша іске асырылады: қаржыландыру көлемін ұлғайту және оның кәсіпкерлерге қолжетімділігін арттыру; кәсіпкерлік секторын әртараптандыруға және оның индустриалды-инновациялық дамуына жәрдемдесу; ШОБ субъектілерінің кәсіби шеберлігін кәсібін жаңа бастаған кәсіпкерлер мен ШОБ кәсіпорындарының топ-менеджментін оқыту, шетелдік тағылымдамадан өту, сервистік және ақпараттық қолдау негізінде арттыру. Қор құрылымында Қазақстанның барлық он төрт облысында және Астана мен Алматы қалаларында он алты аймақтық филиал бар. Бүгінде Қор кәсіпкерлерді қаржылай және ақпараттық-консультациялық қолдау бойынша 25 астам бағдарламаны іске асырып отыр..



Mail.Ru: почта, поиск в и... x дорожная карта бизнеса x startme.kz x

startme.kz

Foto.Mail.Ru Go.Mail.Ru Mail.Ru Video.Mail.Ru КАЗНУ им. аль-Фа... Google www.slider.kz - just ... Другие закладки

главная новости подать заявку контакты

Начни свой бизнес легко!



DAMU Start Up
Кредит на стартовый бизнес



DAMU Garant
Кредит при нехватке залога



DAMU Business
Кредит на развитие бизнеса



DAMU Export
Кредит для экспортеров

EN 0:48 18.02.2013



Жәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығы



«Даму» Кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ кәсіпкерлер құзыретін үш деңгейде: еліміздің облыс орталықтарында, шағын қалалары мен шалғай жатқан аудандарында дамыту бағдарламасын әзірледі.

➤ Шымкент қаласы



2012 жылғы 17 қазанда Шымкент қ. еліміздегі алғашқы Кәсіпкерлерге қызмет көрсету орталығының тұсауы кесілді. Бұдан кейін, Оңтүстік Қазақстан облысының шағын және орта кәсіпкерлік өкілдері осы жерде «бір терезе» қағидасымен бизнестерін ашу немесе жүргізу бойынша барлық сауалдарына жауап таба алады.

➤ Қостанай қаласы



2013 жылдың 15 ақпанында Қостанай облысының Лисаковск қаласында Кәсіпкерлікті қолдау орталығы (КҚО) ашылды. Бұл Қостанай облысындағы төртінші КҚО. Алғашқы екі орталық былтырғы жылдың қараша айында Жітіқара және Арқалық қалаларында ашылған болатын, ал үшінші орталық екі күн бұрын, 13 ақпанда, Рудный қаласында ашылды.

❧ Елімізде 60 шақты шағын қала бар. Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарындағы экономикалық қиындықтар осы шағын қалаларды қатты күйзелтті. Өндіріс орындары тоқтап, жұмыссыздық деңгейі жоғарылап кетті. Халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайы төмендеп, миграциялық процесс белең алды.



❧ 1989-1999 жылдар аралығында **Державинск** қаласы тұрғындарының – 50, **Курчатов** және **Жаңатас** қалаларының – 43, **Қаратау** қаласының – 35, **Қарқаралы** қаласының – 33, **Арқалық** қаласының – 27, **Абай** қаласының – 25 пайызы басқа жаққа көшсе, басқа да шағын қалаларда осындай процесс жүрді. Мәселен, ішкі миграцияны алсақ, ауылдан қалаға қарай жаппай көшу 1991-1992 жылдары басталып, одан кейінгі жылдары да ауылдан қалаға, қаладан қалаға көшу тоқтаған жоқ. Жалпы, 1991-2007 жылдар аралығында ішкі көші-қон **4,7 миллион** адамды қамтыпты. Көшіп қонудың себебі әлеуметтік-экономикалық жағдай дейтін болсақ, кейбір социологиялық зерттеулерге қарағанда мигранттардың **44,4** пайызы жұмысқа орналасуды мақсат етеді екен. Осындай көшіп қонудың салдарынан бүгінде қала мәртебесіне сәйкес келмейтін шағын қалалар жетерлік. Кейбір деректер бойынша ондай қаланың саны оннан асып жығылады.



Қазақстан Республикасының шағын қалаларындағы Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің жобаларын қаржыландыру бағдарламасы



- ❧ Бағдарлама Қазақстан Республикасындағы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін (одан әрі — ШОКС) қаржылай қолдау жөніндегі мемлекет саясатын іске асыру құралдарының бірі болып табылады.
- ❧ Бағдарлама Қазақстан Республикасының Шағын қалаларындағы шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін дамытуға жәрдемдесу мақсатында әзірленген.
- ❧ Бағдарлама Қордың қаражатты Соңғы қарыз алушылардың жобаларын/ лизингтік мәмілелерін кейіннен кредиттеу үшін белгілі (мақсатты және шектеулі) шарттармен Әріптес банктерге/Лизингтік компанияларға орналастыру жолымен іске асырылады.

☞ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осылай аталатын және осы Бағдарламаның 61 қаладан тұратын Қазақстан Республикасының шағын қалалар тізбесіне енгізілген Шағын қала аумағында тіркелген шағын және орта кәсіпкерлік субъектілері Бағдарлама аясында Екінші деңгейдегі банктер / Лизингтік компаниялар арқылы қаржыландырылады.



❧ Бағдарламаға қазіргі уақытта Екінші деңгейдегі келесі банктер қатысады:



❧ «Банк ЦентрКредит» АҚ

❧ «Delta Bank» АҚ

❧ «Еуразиялық Банк» АҚ

ШОКС Бағдарлама аясында негізгі несиелендіру шарттары



- ❧ Бір қарыз алушы үшін қаржыландыру лимиті – 150 000 000 теңге;
- ❧ Несиелендіру мерзімі- 84 айға дейін;
- ❧ Қарыз валютасы / Лизингтік мәміле валютасы – теңге;
- ❧ Қаражаттың мақсатты пайдаланылуы:
- ❧ Қарыз – жаңа негізгі құрал сатып алу және оларды жаңғырту, айналым қаражатын толықтыру, қолданыстағы несиелерді Бағдарламамен қарастырылған шектеулерді ескере отырып, қайтақаржыландыру;
- ❧ Лизинг тік мәмілелер – жаңа құрал сатып алу.
- ❧ Соңғы қарыз алушы үшін сыйақының жылдық атаулы мөлшерлемесі — жылдығы 14,0% аспайды. Соңғы қарыз алушының жобасын Әріптес банктің өз портфелінен іштей қайтақаржыландырылған жағдайда – жылдығы 12,0 % аспайды;
- ❧ Өзге шарттарды Әріптес банктің өздері белгілейді.

Бағдарлама бойынша:

- ❧ 10 АЕК-тен асатын салық және міндетті өзге төлемдер бойынша берешегі бар ШОКС қаржыландыруға тыйым салынады.
- ❧ ШОКС келесі мақсаттар үшін қарыз беруге:
- ❧ Заңды тұлғалардың жарғы капиталдарына қатысу;
- ❧ Тұрақтандыру бағдарламасының 1-ші траншы аясында берілген қарыздарды есепке алмағанда, Қор қаражаты есебінен берілген , сонымен қатар Қор тарапынан тікелей берілген қарыздарды қайта қаржыландыруға тыйым салынады.

